

түсінігі және есептелу тәртібі

Орындағандар:
Ержан Нұрүл
Әділбек Ақбота
Мухтар Еркебұлан
Бертай Батыржан
Манабк Дәулет
Тобы:Ю-15-1





Әлеуметтік салықтар – нысаналы
мақсаттағы тікелей салық түрі.
Әлеуметтік салықтар әлеуметтік
мақсаттағы бюджеттен тыс нысаналы
қорлардың, зейнетақы
қорларының, әлеуметтік
сақтандыру, жұмыспен
қамту қорларының негізгі көзі болып
табылады.





Әлеуметтік салықты төлеушілер



kazinform



Салық салу нысаны

- Еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлемнің алуан түрлері. Әлеуметтік салықтар азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуымен байланысты дүниеге келді. Заңды және жеке тұлғалар төлейтін әлеуметтік салықтар мөлшерлемесінің ара қатынасы нақты бір елдегі қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты.

*Әлеуметтік салықтың салық салу объектісі :
Резидент-заңды тұлғалар мен бейрезиденттер
үшін белгіленген төлемді қоспағанда, жұмыс
берушінің қызметкерлерге белгіленетін
кірістер түрінде төлейтін шығыны.
Дара кәсіпкерлер және жекеше нотариустар,
адвокаттар үшін, өздерін қоса алғанда,
қызметкерлер саны әлеуметтік салық салу
объектісі болып табылады.*



Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды

- 1) гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік сыйлықтар, стипендиялар;
- 3) алып тасталды - ҚР 28.11.2014 № 257-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);
- 4) жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған не жұмыс беруші заңды тұлға таратылған, қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылған жағдайларда еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақы төлемдері;
- 5) жұмыс берушінің қызметкерлерге пайдаланылмаған ақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы үшін төлейтін өтемақы төлемдері;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары *салық салу объектісі* болып табылмайды.

Егер қызметкерге күнтізбелік ай үшін есептелген табысының жалпы сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен болса, әлеуметтік салық салу объектісі жалақының ең төменгі мөлшері негізінде айқындалады.



Салық мөлшерлемелері:

Әлеуметтік салық 11 проценттік ставка бойынша есептеледі:

Арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар өзі үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің **екі еселенген мөлшерінде** және әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің **бір еселенген мөлшерінде** әлеуметтік салық төлейді.



Тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде *35 процентін* құрайтын мамандандырылған ұйымдар *4,5 процент* ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданатын, Салық Кодексінің 147-бабының 2-тармағында көзделген қызметті ғана жүзеге асыратын өнімін өндіруші заңды тұлғалар әлеуметтік салықты 6,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.



*Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін – Бірыңғай жер салығын төлеушілер әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы мен кәмелетке толған мүшелері үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің **20 процент** ставкасы бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады.*

Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын төлеушілер үшін әлеуметтік салық мөлшерлемелері 1/2 бөлігі мөлшерінде төленуге жатады.

Әлеуметтік салықты төлеу

- Салық Кодексінде өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей жүргізіледі.



Әлеуметтік салықты есептеу

- Құрылымдық бөлімшелер бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы осы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің табыстары бойынша есептелген әлеуметтік салық негізге алына отырып есептеледі.



Назарларыңызға Рақмет!!!

